

## Атауы жоқ көшелерге атау беру туралы

Түркістан облысы Сауран ауданы әкімдігінің Жаңа Иқан ауылдық округ әкімінің 2022 жылғы 13 қыркүйектегі № 126 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 20 қыркүйекте № 29697 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 14-бабының 4) тармақшасына сәйкес, Ибата ауылы тұрғындарының пікірін ескере отырып және облыстық ономастика комиссиясының 2021 жылғы 28 желтоқсандағы қорытындысы негізінде ШЕШТІМ:

1. Жаңа Иқан ауылдық округі Ибата ауылының атауы жоқ көшелеріне келесі атаулар берілсін:

- № 1 атауы жоқ көшесіне Айбын көшесі;
- № 2 атауы жоқ көшесіне Аламан көшесі;
- № 3 атауы жоқ көшесіне Алтай көшесі;
- № 4 атауы жоқ көшесіне Жайық көшесі;
- № 5 атауы жоқ көшесіне Жалын көшесі;
- № 6 атауы жоқ көшесіне Дінмұхамед Қонаев көшесі;
- № 7 атауы жоқ көшесіне Тұран көшесі;
- № 8 атауы жоқ көшесіне Сауран көшесі;
- № 9 атауы жоқ көшесіне Шұғыла көшесі;
- № 10 атауы жоқ көшесіне Мерей көшесі;
- № 11 атауы жоқ көшесіне Көктем көшесі;
- № 12 атауы жоқ көшесіне Жайсаң көшесі;
- № 13 атауы жоқ көшесіне Самал көшесі.

2. Осы шешімнің орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

3. Осы шешім оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Сауран ауданы әкімдігінің Жаңа  
Иқан ауылдық округінің әкімі*

*Т. Абдаев*